

Қазақстан Республикасының республикалық және жергілікті бюджетінің есебінен ұсталатын үйымдардың банктегі шоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібі туралы Нұсқаулық

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1997 жылғы 10 қазандығы N 334 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 17 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 421. Күші жойылды - КР Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 25 мамырдағы N 241 бұйрығымен. ~V990817

#### **1-тaraу. Жалпы тұжырымдар**

1. Осы нұсқаулық республикалық және жергілікті бюджетінің есебінен ұсталатын үйымдардың банктегі шоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібін бекітеді.

Республикалық және жергілікті бюджетінің есебінен ұсталатын үйымдардың банктегі ашылған шоттары өзінің құқықтық режимі бойынша ағымдағы шот болып есептелінеді.

2. Республикалық және жергілікті бюджетінің есебінен ұсталатын үйымдардың қаржыларын есептеу үшін мынадай шоттар ашылады:

2.1. Бөлінген лимиттің көлемінде мемлекеттік бюджеттің қаржысын жұмсауды есепке алу үшін бюджет мекемелері ашатын бюджеттік шоттар-ағымдағы шоттар.

2.2. Бюджеттен тыс қаржылардың операцияларын жүргізу үшін және есептеу үшін бюджет мекемелері ашқан шоттар-бюджеттен тыс шоттар.

Бюджеттен тыс шоттар арнайы қаржылардың бюджеттен тыс шоттары, "тапсырыстар бойынша сомалардың" бюджеттен тыс шоттары, депозиттер бойынша бюджеттен тыс шоттар, және бюджеттен тыс қаржылардың бюджеттен тыс шоттары болып бөлінеді. Бюджеттік үйымдарды арнайы қаржылардың барлық түрлері үшін бюджеттен тыс бір ғана шот ашылады тапсырыстардың барлық түрлері бойынша бір ғана бюджеттен тыс шот, депозиттер бойынша бір ғана бюджеттен тыс шот басқа бюджеттен тыс қаржылар бойынша бір ғана бюджеттен тыс шот ашылады.

Бұдан басқа да мынадай жағдайда шот ашылады:

- Әкімдердің әкімшілігіндегі өздері құрастырған қорлардың қаржысын есептеу және жұмсау үшін;

- республикалық бюджеттің есебінен ұсталатын, бюджет қаржыларын жұмсауға лимиттері жоқ, өздері лимиттерді бөле алмайтын және лимиттерді

бөлөтін мекемелерден басқа жақта тұратын ұйымдарға, лимиттерді бөлөтін тиісті мекемелердің еңбекақы мен іссапарлар шығынын аударуы үшін;

- республикалық бюджеттің есебінен ұсталатын ұйымдарға мақсатты қаржыландыру үшін.

3. Республикалық және жергілікті бюджеттің есебінен ұсталатын ұйымдардың бюджеттегі және бюджеттен тыс шоттары Республикалық Бюджет банкінде (әрі қарай банк) ашылады. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің арнайы рұқсаты бойынша бюджеттен тыс шоттар Қазақстан Республикасының басқа да кез келген банкінде ашыла алады.

4. Бюджеттегі мекемелер бюджеттен тыс шоттарды осы нұсқаулықтың 3 бабында көрсетілген жағдайдан басқа бюджет есебі ашылған банктің бөлімшелерінде аша алады.

5. Бюджеттен тыс қаржының иелері болып осы ұйымдарды ұстаудың лимитін иелену құқығы берілген бюджет ұйымдарының басшылары болып табылады.

6. Қазақстан Республикасының дамуы үшін ресми көмектің көлеміндегі донор мемлекеттердің және халықаралық қаржы және экономикалық ұйымдардың гаранттары және несие қаржылары және бюджеттегі қосымша қаржыландыру жобаларын іске асыру мақсатында Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын ұйымдарға кепілдік/несиelerдің келісім шарттарына сәйкес екінші дәрежедегі банктерден теңге эквивалентіндегі ағымдағы қосымша қаржыландыру (арнайы) шоттары ашылады.

7. Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын ұйымдарға қаржының тұсу көздері мен жұмсау мақсаттарын реттейтін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жазбаша рұқсаты болған жағдайда Банктің бөлімшелерінде шетел валютасы есебімен қаржыны сақтайтын жұмсайтын валюталық шоттарды ашуға болады.

Валюталық шоттарды ашу рұқсаты мынадай жағдайларда беріледі:

- Бюджет мекемелеріне Жарғыға немесе Нұсқаулыққа сәйкес өзіне жуктелген сыртқы экономикалық жағдайларға байланысты міндеттерді орындау үшін;

- Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан және сыртқы қаржы көздері мен республикалық бюджеттен қосымша қаржыландырылатын мемлекеттік ұйымдарға;

- Қазақстан Республикасы Үкіметі Қазақстан Республикасының дамуы үшін ресми берілген несиeler мен бағдарламалардың жобасын іске асыру жөніндегі құқығы бар мемлекеттік басқару органдарына, егер валюталық есеп ашу Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдерінде көрсетілген болса;

- республикалық бюджеттен және сыртқы қаржы көздерінен бірдей қаржыландырылатын бюджет мекемелеріне;

- сыйлар мен садақалар, қаржылай көмек, демеушілік аудармалар, кепілдік

аударымдар алу үшін;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнайы шешімімен.

## 2-тaraу. Бюджет үйымдарының банк шоттарын ашу тәртібі

8. Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын үйымдардың банк бөлімшелерінде бюджеттік және бюджеттен тыс шоттарды ашу үшін мынадай құжаттар тапсыруға тиіс:

а) Шотқа иелік ететін басшы мен бас бухгалтер қол қойған шотты ашу үшін арыз (қосымша N 1). Егер штатта екінші қол қоюдың құқығы берілген бас бухгалтерден немесе бухгалтердің қызметі болмаса онда арызға тек қана басшының қолы қойылады.

Респубикалық бюджеттің қаражаты есебінен ұсталынатын үйымның бюджеттің есебі ашылған жағдайда, шотты ашу туралы арызға қазынашылық бөлімнің белгісі соғылуға тиіс.

б) Мөрдің және қолдың ұлгілері салынған құжат (қосымша N 2).

Мөрдің және қолдың ұлгілері бар құжат жоғарыда тұрған үйымның басшысын немесе басшының орынбасарының қолымен куәландарып куәландару кеңесінің мөрімен бекітіледі. Куәландару кеңесі жоқ елді мекендерге қолдың және мөрдің ұлгілері жергілікті атқару органдарының куәландарылуымен беріледі. Бюджет шоттарын ашу үшін министрліктердің, ведомстволардың, жергілікті атқару органдарының қолдары мен мөр ұлгілерін куәландару қажет етілмейді.

Шот ашатын үйымның бірінші басшысы бірінші қол қою құқығына немесе қол тапсырған екінші тұлға осындай құқыққа ие болады. Екінші қол қою құқығына үйымның бас бухгалтері немесе үйымның басшысы міндеттеген басқа тұлға ие болады. Бюджеттік мекеменің штатында екінші қол қою құқығы берілген тұлға жоқ болса қолдың және мөрдің ұлгілері бар құжатқа тек қана бірінші қол қоятын тұлға енгізіледі. Қолдың ұлгілерінің қажетті саны банктің бөлімшесімен шоттың иесі арасында келісімде көрсетіледі.

Шотты ашу үшін тұлға тапсыратын қол мен мөр ұлгілерінің қажетті даналары банктің талап еткен көлемінде құжатта көрсетіледі.

Мекеме берілген қол мен мөрдің ұлгілері бар құжатқа елтаңбасы бар мөрдің ұлгісі енеді. Жаңадан ашылған үйымның уақытша мөрі болмаған, аты өзгерген жағдайда, мөр жоғалған немесе тозған жағдайда банк бөлімшесінің бастығы шоттың иесіне мөрді дайындау үшін уақыт береді. Банк пен шоттың иесі мөр болмаған уақытта төлем құжаттарын жүргізуін тәртібін белгілейді.

Мөрді немесе қолдың біреуін алмастырған немесе қосқан жағдайда банктің

бөлімшесіне қолдың және мөрдің үлгілері бар осы нұсқаулықта бекітілген тәртіп бойынша куәландырған қосымша құжат беріледі.

в) Шот иесінің салық органдарында есепке тұрғандығын растайтын салық қызметі органдары берген тағайындалған формадағы құжат.

г) Қазақстан Республикасы зейнетақы қорына жарна төлеуші ретінде үйымның тіркелгендігін растайтын салық қызметінің органы берген тағайындалған формадағы құжат.

д) Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілген тәртіп бойынша куәландырылған мемлекеттік тіркеу туралы куәлік және оның көшірмесі.

Мемлекеттік тіркеу туралы куәлікте банктің бас бухгалтері қол қойып және мөрін басқан шоттың ашылғандығы туралы банктің белгісі соғылады. Куәліктің түпнұсқасы шот ашушыға қайтарылады, ал көшірмесі шоттың ашылуы туралы іс қағазына тігіледі.

е) Нұсқаулықтың "жарғының" Қазақстан Республикасының заңымен бекітілген, куәландырылған көшірмесі.

ж) Үйымды құру немесе қайта құру туралы Қазақстан Республикасы заң шығару органының құқығына сәйкес шешім (өкім, қаулы, бұйрық).

9. Бюджет мекемелері валюта шоттарын ашу үшін тиісті қазынашылық органының немесе облыстық (Алматы қалалық) қаржы басқармасының ( қосымша N

3) валюта түрін осы қаржы жұмсалуға тиісті қаржының тұсу көзі мен жұмсалу мақсаттарын көрсететін құжаттар тапсырады.

Респубикалық бюджетте тұрған үйымдарға валюта шоттарын ашу үшін жазбаша рұқсатты қазынашылық органдары береді. Лимиттердің негізгі таратушысына - Қаржы министрлігінің қазынашылық департаменті, ведомстволарға қарасты бюджет үйымдарына қазынашылықтың тиісті аумақтық бөлімшелері. Жергілікті бюджетке қарасты үйымдардың валюталық шоттарды ашудың жазбаша рұқсатты облыстық (Алматы қалалық) қаржы басқармалары береді.

10. Бюджеттен тыс шоттарды ашу үшін бюджет үйымдарына осы Нұсқаулықтың сегізінші тарауында көрсетілген құжаттарға қоса банкте сақтаулы тұрған шот иесінің арнайы ашылған іс қағазында қосымша мынадай құжаттар болуға тиіс:

10.1. Бюджеттен тыс арнайы қарыздар шоттарын ашу үшін:

- шығыстардың бағыты (қосымша N 4) және арнайы қаржы бойынша кіріс көздері көрсетілген тиісті мемлекеттік орган берген арнайы қаржының бекітілген сметасы туралы анықтама.

10.2. Бюджеттен тыс "Тапсырыс бойынша сома" шотын ашу үшін:

- қаржының жұмсалатын мақсаттары (қосымша N 5) және оның түсетін

көздері көрсетілген Үкімет шешімдерімен берілген тиісті қаржы органдарының рұқсаты немесе басқа да құқықтық-нормативтік актілер. Республикалық бюджет бойынша лимиттердің негізгі бөлушілеріне және ведомстволарға бағынышты үйымдарға рұқсат тиісінше қазынашылық департаменті және аумақтық қазынашылық органдары, ал жергілікті бюджетке қарайтын үйымдарға-жергілікті бюджет үйымдары арқылы беріледі.

10.3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнайы шешімі негізінде ашылған депозиттік шот.

10.4. Мемлекеттік бюджеттің қаржының есебінен ұсталатын, бюджет қаржысын жұмсауға лимит алмаған, өз бетінше лимит беруші болып есептелмейтін және лимит беруші тұрған жерден басқа жерде тұратын үйымдарға лимит берушінің аударымдарына сәйкес еңбекақы төлеуге және іссапар шығындарын беруге бюджеттен тыс шоттарды мынадай жағдайда ашуға болады:

- үйымның немесе оның басшысының атына шоттарды ашуға лимит берушінің өтініш хаты сол сияқты лимит берушінің жоғарыдағы қарызына аударғандығы жайлыштырысы болған жағдайда.

10.5. Республикалық бюджеттің есебінен ұсталатын үйымды қаржыландыру үшін бюджеттен тыс шотты ашу үшін:

- Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген сол сияқты қаржыны аудару туралы бюджет класификациясының коды көрсетілмеген бірақ жалпы сома көрсетілген лимит берушінің төлем тапсырысы бойынша лимит берушінің жеке нұсқауы болуға тиіс.

11. Банк пен шот иесінің арасындағы банк шотын ашу туралы келісім жасалған соң барып шот ашылады. Шотты ашу рәсімі банктің шот иесіне жеке құпияланған код (әрі қарай ЖҚҚ) беруі арқылы жасалады.

12. Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын үйымның шоты ашылғаннан кейін, банктің бөлімшесі он күндік мерзім ішінде салық қызметі органына шоттың ашылғандығы және оның ЖҚҚ-сы туралы хабарлама жасауға тиіс.

13. Осы тарауда шот иесінің жұмысын жүргізетін бухгалтердің арнайы картотекасында сақталған, қол және мөр үлгілерінен басқа, және клиенттердің ақшалай шектерін төлеу операцияларына бақылау жүргізетін бақылаушының тізілген құжаттарынан басқа құжаттар әр шоттың иесі үшін арнайы ашылған іс қағазға тігіліп, банкте сақталады.

14. Осы Нұсқаулықтың алтыншы тарауында көрсетілген қосымша қаржыландырудың ағымдағы (арнайы) шоттарын ашу рұқсаты болған жағдайда ( қосымша N 6) және екінші дәрежедегі банк пен үйымның атына шот ашылатын мекеменің (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің кепілдемесі бойынша) арасындағы келісім бойынша жасалады. Республикалық бюджеттің есебінен

Ұсталатын ұйымдарға қосымша қаржыландырудың арнайы есебін ашуға рұқсатты Қазынашылық департаменті береді, ал жергілікті бюджеттің есебінен ұсталатын ұйымдарға - тиісті облыстық (Алматы қалалық) қаржы басқармалары береді.

### 3-тaraу. Бюджет ұйымдарының банк шоттары арқылы операциялар жүргізуінің жалпы тәртібі

15. Республикалық және жергілікті бюджеттің қаржысы есебінен ұсталатын бюджеттік және бюджеттен тыс ұйымдардың шоттар мен операциялар жасау Қаржы министрлігінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тиісті нормативтік-құқықтық актілеріне байланысты жүргізіледі.

16. Республикалық бюджеттің есебінен ұсталатын ұйымдардың бюджеттік шоттарынан шығыс операциялары, тапсырыс құжаттарының сыртына жауап беретін қазынашылықтың штампымен куәландырған, оған қызмет көрсететін қазынашылықтың рұқсат қолы болған жағдайда оған бөлінген лимиттің деңгейінде жүргізіледі. Бюджет шоттарынан шығыс операцияларын жүргізгенде дебеттік қалдық бөлінген лимиттен асып кетпеуге тиіс.

Банктің бөлімшесіне облыстық (Алматы қалалық) Қазынашылық басқармасының (қосымша N 7) мөрімен куәландырған жеке штампиның таңбасы және жауапты орындаушылардың қолдарының үлгісі бар реестр тапсырылады.

Жергілікті бюджеттің есебінен ұсталатын бюджеттік ұйымдарының шоттарынан шығыс операцияларын жүргізу бюджет қаржысының шығындарына тағайындалған лимиттердің көлемі деңгейінде жүргізіледі. Бюджет шоттарынан шығыс операцияларын жүргізгенде дебеттік қалдық бөлінген лимиттен асып кетпеуге тиіс.

17. Қосымша қаржыландырудың ағымдағы (арнайы шоттарының) бағдарламадағы және жобадағы несиelerінің қарыз шығыстары қаржыны алу туралы (қосымша N 8) төлем тапсырысына сәйкес екі топтың қолдарымен куәландырылған, бірінші топ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің сыртқы қарыз жөніндегі комитетінің тобы қол қойған, ал екінші тобы жобаларды іске асыратын ұйымдар қол қойған құжат бойынша жүргізіледі.

Ағымдағы (арнайы) шоттардағы шығыс операциялары бюджет классификациясының 10 таңбалы төлем тапсырысы коды және қазынашылықтың (қаржы басқармасының) жауапты органының рұқсат визасы болған жағдайда жүргізіледі.

Ағымдағы (арнайы) шоттағы пайдаланылмаған қаржы қаржыландырылатын жылдың 25 желтоқсанына дейін жобаны жүзеге асыратын ұйымның шотына қайтаруға жатқызылады.

18. Валюталық шоттардағы операцияларды жүргізу Қазақстан Республикасының валюталық заңдарына сәйкес жүргізіледі.

Бюджет ұйымының есебіне валюталық шотты ашу рұқсаты алынған кезде, осы валютаның түсім көздері көрсетілмеген шетелдік валюта түсі қалған жағдайда валюта қаржысын (қосымша N 3) жұмсауға рұқсат бергенге дейін қаржы шот иесінің есебіне кіреді. Мұндай жағдайда рұқсатты осы ұйымның валюталық есебін ашуға рұқсат берген қаржы органы бере алады.

19. Бюджет ұйымдары арнайы қаржылар бойынша бюджеттен тыс шығыстарды төлеу кезінде төлем құжаттарында арнайы қаржының әр түрі бойынша қалған ақшалардың сомасын көрсетеді.

20. Республикалық және жергілікті бюджеттердің қаржысы есебінен ұсталатын ұйымдардың шоттарынан ақшаларды даусыз алу (жою) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

#### 4-тaraу. Бюджет ұйымдарының банк шоттарын жабу

21. Республикалық және жергілікті бюджеттің қаржысы есебінен ұсталатын ұйымдардың шоттары занды тұлға қайта құрылған немесе жойылған банктегі шот туралы шарттың күші тоқтаған сәтте жабылады.

Арнайы қаржылар бойынша бюджеттен тыс шоттар арнайы қаржының бекітілген сметасы туралы анықтаманы банк ағымдағы жылдың 1-сөуіріне дейін алмаған жағдайда жабылуы мүмкін, мұндай жағдайда шотта қалған қаржыны банк тиісті бюджеттің кірісіне өз еркімен аудара алады.

22. Шотты жабу, сол сияқты бюджет ұйымының атын өзгерту немесе ЖКҚ-ның өзгеруі жайлы шот иесі шот жабылған күнге дейінгі қаржы қалдығының көлемін көрсететін құжат сол сияқты банкке пайдаланылмаған чектері бар чек кітапшаларын, пайдаланылған чектердің реттік сандарын арызда көрсетіп, оның түптемелерін қайтаруға тиіс. Бюджеттен тыс шот жабылған кезде шотта пайдаланбаған қаржы бола қалса шоттың иесі банкке осы қалдықты оның орнын басатын тұлғаның шотына немесе жоғарыдағы ұйымға, әйтпесе тиісті бюджетке беру туралы төлем тапсырысын береді.

Ұйымның таратылуына байланысты бюджет шоты жабылған кезде жоғарыдағы абзацта көрсетілгендердегідей шот жабылған күнгі сол бюджетте қалған қаржы туралы анықтама беріледі. Айналымның қорытындысы жасалған осы шот бойынш кассалық шоттар жылдың соңында жабылады.

23. Банктегі шот жабылған соң банк үш күннің ішінде осы Нұсқаулықтың 8-тaraуында көрсетілгендей, шот иесіне есеп құжаттарын берген тиісті салық

қызметі органдарына жазбаша түрде хабарлауға тиіс.

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі Қазынашылық  
Департаменті директорының  
орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК